

"Бағалау қызметі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 245 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2016 жылғы 18 қарашадағы № 1057 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 28 желтоқсанда № 14618 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 25 маусымдағы № 623 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 25.06.2018 № 623 (13.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бағалау қызметі мәселелері бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 245 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11241 болып тіркелген, 2015 жылғы 18 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) осы бұйрықпен бекітілген "Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4–тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

біліктілік емтиханынан өткені туралы материалдарды қарау кезінде – 10 (он) жұмыс күні ішінде;

біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім шығару кезінде - емтихан тапсырған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

лицензияны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды көрсетілген мерзімде жазбаша түрде береді.

Комиссия емтихандарды бір тоқсанда кемінде бір рет өткізеді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің жол берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің жол берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

Шағым мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 13-кіреберіс мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жазбаша нысанда поштамен, не жұмыс күндері қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күнінен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы, "электрондық үкіметтің" веб-порталы, арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады. Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға оның "жеке кабинетінде" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылатын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (бұдан әрі-Агенттік) шағыммен жүгінуге құқылы.

Агенттіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.";

"Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Осы бұйрықпен бекітілген "Зияткерлік меншікті материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

4–тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған кезден бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

біліктілік емтиханынан өткені туралы материалдарды қарау кезінде-10 (он) жұмыс күні ішінде;

біліктілік емтиханынан өткені туралы шешім шығару кезінде - емтихан тапсырған күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

лицензияны беру кезінде – 15 (он бес) жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу кезінде – 3 (үш) жұмыс күні;

лицензияның телнұсқасын беру кезінде – 2 (екі) жұмыс күні.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған кезден бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды көрсетілген мерзімде жазбаша түрде береді.

Комиссия емтихандарды бір тоқсанда кемінде бір рет өткізеді;

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің жол берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің жол берілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут."

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану:

Шағым мемлекеттік қызмет көрсету стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, № 8 үй, "Министрліктер үйі" ғимараты, 13-кіреберіс мекенжайы бойынша беріледі.

Шағым "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жазбаша нысанда поштамен, не жұмыс күндері қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымда көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), пошталық мекенжайы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, оны тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы ол тіркелген күнінен кейін бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта "электрондық үкіметтің" веб-порталы байланысы, арқылы жіберіледі көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы жүгінген кезде шағым жасау тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады. Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушыға оның "жеке кабинетінде" жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартып отырады (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылау жөніндегі уәкілетті орган болып табылатын, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне (бұдан әрі-Агенттік) шағыммен жүгінуге құқылы.

Агенттіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.":

"Зияткерлік меншік материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға біліктілік емтиханын өткізу және лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркеу қорытындысын алған күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Әділет министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Әділет министрі

М. Бекетаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар
Министрі

_____ Д.Абаев

2016 жылғы 23 қараша

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Қ.Бишімбаев

2016 жылғы " ____ " _____

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 18 қарашадағы
№ 1057 бұйрығына
1-қосымша

"Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға біліктілік емтиханын өткізу және лицензия

беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

Қайда _____
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
Кімнен _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _____
(пошталық индексі, облысы, қаласы,
ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Біліктілік емтихан тапсыруға жіберу туралы өтініш

Мүлікті (зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын қоспағанда) бағалау жөніндегі біліктілік емтиханын тапсыруға жіберуді сұраймын.

Қоса берілетін құжаттар: _____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

(қолы)

20__ жылғы "___" _____

Өтініш қарауға қабылданды 20__ жылғы "___" _____

(жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2016 жылғы 18 қарашадағы
№ 1057 бұйрығына
2-қосымша
"Зияткерлік меншік
объектілерін, материалдық емес
активтердің құнын бағалау
жөніндегі қызметті жүзеге
асыруға біліктілік емтиханын

Қайда _____
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)
Кімнен _____
(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған кезде), жеке сәйкестендіру нөмірі)
Мекенжайы _____
(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы, үй/ғимараттың нөмірі)

Біліктілік емтихан тапсыруға жіберу туралы өтініш

Зияткерлік меншік объектілерін, материалдық емес активтердің құнын бағалау жөніндегі біліктілік емтиханын тапсыруға жіберуді сұраймын.

Қоса берілетін құжаттар: _____

—
Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияларды құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушы

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))

(қолы)

20__ жылғы "___" _____

Өтініш қарауға қабылданды 20__ жылғы "___" _____

—
(жауапты адамның қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде))